

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы

Топ: ересек топ Балауса

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.05 - 17.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні : Бекишева М.А.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюдi үйрету;	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін

және басқалар)	жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек дағдылары)	ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)	кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Көбелек". Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер туралы білімдерін тиянақтау;	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып,	Тұқым мен жемістің таралуы жайлы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштардың тұқымы мен жемістері жайлы	Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген

	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)	сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, көбелекті мүсіндеуді үйрету.	шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы тандалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты	білім беру; тұқымның бейімделуі мен таралу тәсілдерін түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру) Тұқым таралуына байланысты бейнематериал көрсету. (Tigtag junior медиа бөлімінде) (қоршаған ортамен таныстыру)	қызығушылықты арттыру. "Бақшада". Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
--	--	---	---	--	---

			алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1-2-шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 7-8 рет қайталанады.				

	3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1-қолдарын жанына жіберу; 2-қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1-сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2-қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1-түзу қолдарын алға ұстау; 2-еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3-тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1-оң аяғын жанына қою; 2-сол аяғын орнына қою; 3-сол аяғын жанына қою; 4-оң аяғын орнына қою. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін

	тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктемгі егістік туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Балабақша ауласындағы ағаштар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, қоршаған ортамен танысу)	Егістікке жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Көктемгі егістік тақырыбында суреттерге қарап мәтін құрап әңгімелеу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Өсімдіктердің гүлдеуі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Орындықта бүйірлік адыммен жүру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; жүріп келе жатып,	Қазақ тілі ""Егістікке арбамен барамыз". Еркелетіп ата." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары	Дене шынықтыру "Етпетімен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету.	Музыка "Жау, жау, жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың көңілді әнді педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге және аяқ	Дене шынықтыру "Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50

	қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету.	туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктіліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін		қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.	см) үйрету.
--	---	---	--	---	-------------

		дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка "Кемпірқосақ жолақтары". Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ.	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ. «Көктемгі су» Н.Айытов	Заттардың көлеңкесін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Мен жүгірсем, ол да	Дәрілік өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (шақпашөп, сасықшөп, үлкен жапырақтар т.б.)	Шөптесін өсімдіктердің гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ; «Гүл» А.

	Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясына ән салып, Құстар жүрген сайрап. (Ағаш) Бақылау. 2-3 түрлі ағаштарды бір- бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту. Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар». (дене шынықтыру) Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді,	Қаусатып қар боранды, Сарқырады бұлақтар. Көктем қайтып оралды, Құлпырды сай қыраттар. Таулар тастап ақ тонын Сағым ойнап, көзді алып Көк торғынға оранды Жақын тартты жырақтар Бақылау. Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Ойларын өздері қорытындылауға	жүгіреді, Мен мүдірсем, ол да мүдіреді. (Көлеңке) Бақылау. Күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін, таңертен балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз, ол әлі жоғары тұрғанда бақылауға болады, көлеңкенің ұзындығын өлшеу, көлеңкеде заттар суық, күннің көзінде жылы болатынына көңіл аудару. Балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру. Бақыланған затқа қызығушылығын ояту.	Жұмбақтар. Қай өсімдік болады Болмаса да ең көркем Шипалы шөп ... (Жолжелкен) Өзіне шап-шақ Киген қалпағы аппақ Далада тұр қаптап (Бақ-бақ) Бақылау. Балабақшаның ауласында өсіп жатқан өсімдіктерді тану, аттарын есте сақтауға үйрету. Дәрілік өсімдіктерді қандай өсімдік, қандай мақсатпен қолданылатыны жайлы балаларға түсіндіріп өту. Мысалы: түймегүлді – антисептикалық емге, шақпашөпті – дәрумендер бар т.с.с.. Қимылды ойын. «Қиын өткел». (дене шынықтыру)	Меңжанова. Қызыл-жасыл гүл егіп, Баптап, күттік, түрлеттік, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады. Бақылау. Бұл өсімдіктердің шалғындарда өсетінін, сол себепті жарықты жақсы көретінін түсіндіру. Балаларды алаңда өсетін шөптесін өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы түсініктерін қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр,сабағы, жапырақ, гүл, тұқымы), олардың әр
--	---	---	---	---	--

	дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады. Еңбек. Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету. (сурет салу)	үйрету, сөздік қорларын байыту. Қимылды ойын. «Қояндар». (дене шынықтыру) Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауға үйретуді жалғастыру (бастаушы айтады, бірақ өзі басқа қимылдарды жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда, күш пен жігерлілікті дамыту. Еңбек. Өз қалауымен еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. Бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан	Қимылды ойын. «Қақпа». (дене шынықтыру) Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту. Еңбек. Жиналған табиғи материалдардан панно құрастыру. Белсенділігін дамыту, жұмыстың үнемді әдістерін үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Балалардың өзіндік ұжымының даму негізі ретінде дұрыс нысанды қарым-	Ұқыпты, тиянақты болу керек екенін айтып өту, ойынның шартын қадағалау. Ойын ойнап жатқанда балалардың достарына көмектесу, бір-біріне деген қарым-қатынастарын ояту. Еңбек. Емдік өсімдіктерді топтастыру. (еңбек дағдылары) Балаларды емдік өсімдікті жинауға шақыру, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену. Өз бетімен ойындар. Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншылардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге	өсімдікте әртүрлі екендігін түсіндіру, өсімдіктер гүлдейді. Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру) Екі топқа бөліну, ойын ережесін сақтау (ешкіні ұстап, бір аяқпен қозғалу, жүргізуші сенің белгіңді атаған кезде ғана жүгіру). Шыдамдылыққа үйрету. Еңбек. Емдік өсімдіктерді кептіру. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді жинауда жинақылыққа үйрету, айналаға пайда тигізу, қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтау. Өз бетімен
--	---	---	--	--	---

		балаларды мадақтау. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Әр баланы өз қалауы бойынша ойындар таңдап алып ойнауға, ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу.	қатынас топтарын пайдалану. Ұялшақ, жасқаншақ балаларға ойынға кірісуге көмектесу, өте белсенді балалардың басқалардың да ынтасын білдіруіне кедергі келтірмеуін қадағалау.	машықтандыру.	ойындар: Әр балаға өзіне ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.				
Түскі ас					
Түскі ұйқы	«Қаңбақ шал» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті	Құрастырудан ойын-жаттығу	Қоршаған ортамен танысудан ойын-	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу	Сурет салудан ойын-жаттығу	Математика негіздерінен ойын-

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ғажайып орман тұрғындарына үйшік құрастырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаз бетінің оң жағына есептеу таяқшаларынан қоянның үйшігін, ал сол жағына аюдың үйшігін құрастыруға үйрету.	жаттығу "Жау, жау, жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту.	"Апалы-сіңлілі үш қыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Апалы-сіңлілі үш қыз" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісіндегі кейіпкерлердің қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету.	"Жайлаудағы гүлдер". Мақсат-міндеттер: балаларды сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету. Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су	жаттығу "Тышқандарды санаймыз. Жиын сандар". Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру.
---	--	--	--	---	---

				(сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Театрды сахналау. Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез келген ертегіні сахналайды. (сөйлеуді дамыту және көркем	"Еңбек" тақпағын жаттау. Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек.	Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап". Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету.	"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың	Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию". "Не артық?" дамытушылық

	әдебиет) Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек. Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Н. Жанаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	егіншілер туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет- карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.
--	---	---	---	--

					(жапсыру)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.				

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**

Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**

Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес».	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.	Кеңес: «Саусақ жаттығулары». Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

Тексерген: Бекишева М.А. 